

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Ғылым комитетінің №9 мәжілісі
Хаттамасының шешімдері

Түркістан қаласы

17.05.2022 ж.

Сағат: 14:30

Өткізілетін түрі: *онлайн (ZOOM платформасында)*

Регламент: 3-5 минут

Қатысқандар:

ҒК төрағасы Ошибаева А.Е., ҒК мүшелері, декан орынбасарлары, монография авторлары.

Күн тәртібі:

1. «Тұран» баспаханасынан шығатын оқу басылымдары туралы *(Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы А.Садықова)*
2. Инновациялық жобаларды орындау, дамыту туралы *(Коммерциализациялау офисінің басшысы А.Исаков)*
3. «Ғылым қоры» және Өнімді Инновацияларды Үнталандыру (ӨИҮ) аясындағы коммерциализациялау конкурстарына қатысты мәселелер *(Коммерциализациялау офисінің басшысы А.Исаков)*
4. Әр түрлі мәселелер
 - 4.1. Университеттің патенттік саясаты жайлы *(Коммерциализациялау офисінің басшысы А.Исаков)*
 - 4.2. Өндірістік орындар, мекемелер және ғылыми-зерттеу орталықтарымен жасалған шаруашылық келісімдердің орындалу барысы бойынша мәлімет *(Коммерциализациялау офисінің басшысы А.Исаков)*
 - 4.3. Факультеттерден келген магистрант, докторанттардың жетекшілері мен тақырыптарын өзгертіп, бекітуге ұсыныстар *(Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева)*.
 - 4.4. Нұрсұлтан Назарбаев Қорының жыл сайынғы республикалық студенттік шәкіртақы байқауына студенттерді ұсыну *(Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А. Балтабаева)*.
 - 4.5. Университет ережелерін талқылап, бекітуге ұсыну:
 - 4.5.1. «Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі» *(Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков)*.
 - 4.5.2. «Университет қызметкерлеріне профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебелерін беру ережесі» *(Ғылым департаментінің директоры Х.Масадиков)*;
 - 4.5.3. «Ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу ережесі» *(толықтырулар енгізу) (Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А. Балтабаева)*.
 - 4.6. Монографияларды Сенат мәжілісіне ұсыну:
 - 4.6.1. «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., э.ғ.к. А.Сапарованың «Тікелей шетелдік инвестициялардың Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштеріне әсері» монографиясы. *Рецензенттері: Азретбергенова Г.Ж., э.ғ.к., доцент, Ахмет Ясауи университеті; Купешев Ш.К., э.ғ.д., Шымкент университетінің профессоры; Серғазиев М.Р., э.ғ.к., Шымкент университеті.*

4.6.2. Шымкент кампусы «Жалпы дәрігерлік практика №2» кафедрасының м.ғ.д., доценті А.А.Абдувалиевтің «Ибн Синоның буын аурулары туралы ғылыми мұрасының маңыздылығы» монографиясы. *Рецензенттері:* Жанадилов Ш., м.ғ.д., Ахмет Ясауи университетінің профессоры; Абдурахманов Б.А., м.ғ.д., профессор, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы; Долтаева Б.З., м.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының қауым. профессоры.

4.6.3. «Қоғамдық ғылымдар» кафедрасының аға оқытушысы, PhD М.Исаевтың «Training future history teachers for teaching values» (Болашақ тарих мұғалімдерін құндылықтарды оқытуға даярлау) атты монографиясы. *Рецензенттері:* Тұрсұн Х., т.ғ.д., профессор, Ахмет Ясауи университеті; Батырбекқызы Г., PhD, М.Әуезов атындағы ОҚУ; Алдабергенова М.К., PhD, доцент м.а., ОҚМПУ.

Ашық дауыс беру нәтижесінде УНИВЕРСИТЕТ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІНІҢ

ШЕШІМДЕРІ:

1. «Тұран» баспаханасынан шығатын оқу басылымдары туралы келесі шешімдер қабылдансын:

1.1. «Тұран» баспаханасынан шығатын оқу басылымдары туралы Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы А.Садықованың мәліметі назарға алынсын.

1.2. «Тұран» баспаханасынан шығатын оқу басылымдары УЕ-ХҚТУ-077-2021 «Ахмет Ясауи университетінде басылымдар қолжазбасын рәсімдеу» ережесіне сәйкес тәртіппен Сенат шешімімен «Тұран» баспаханасынан университет есебінен шығаруға рұқсат етілген жағдайда ғана тегін шығарылсын.

2. Инновациялық жобаларды орындау, дамыту туралы Коммерциализациялау офисінің басшысы А.Исаковтың мәліметі назарға алынсын.

3. «Ғылым қоры» және Өнімді Инновацияларды Үнталандыру (ӨИҮ) аясындағы коммерциализациялау конкурстарына қатысты мәселелер туралы Коммерциализациялау офисінің басшысы А.Исаковтың мәліметі назарға алынсын.

4. Әр түрлі мәселелер

4.1. Университеттің патенттік саясаты жайлы Коммерциализациялау офисінің басшысы А.Исаковтың мәліметі назарға алынсын.

4.2. Коммерциализациялау офисінің басшысы А.Исаковтың Өндірістік орындар, мекемелер және ғылыми-зерттеу орталықтарымен жасалған шаруашылық келісімдердің орындалу барысы бойынша мәліметі назарға алынсын.

4.3. Магистранттар мен докторанттардың тақырыптары мен ғылыми жетекшілерін бекіту және өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Сенат мәжілісіне ұсыныстар берілсін:

4.3.1. 2021-2022 оқу жылында қабылданған 1-курс магистранттарының 28.10.2021 ж. №СБ-133 санды бұйрығымен бекітілген магистрлік диссертация тақырыптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

4.3.2. 2021-2022 оқу жылында қабылданған 1-курс магистрантының 28.10.2021 ж. №СБ-133 санды бұйрығымен бекітілген магистрлік диссертация тақырыбына және ғылыми жетекшісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

4.3.3. 2021-2022 оқу жылының қысқы конкурс нәтижесінде 24.01.2022 ж. №СБ-363, 01.04.2022 ж. №СБ-578 санды бұйрықтарымен білім беру бағдарламалары бойынша қабылданған докторанттардың диссертациялық жұмыс тақырыптарын бекіту.

4.3.4. 19.10.2020 ж. №СБ-58, 30.12.2021 ж. №СБ-264 санды бұйрықтарымен бекітілген докторанттардың диссертациялық тақырыптарына өзгерістер енгізу.

4.3.5. Докторанттардың 19.10.2020 ж. №СБ-58 санды бұйрығымен бекітілген диссертациялық тақырыптарына, ғылыми жетекшілері мен шетелдік кеңесшілеріне өзгерістер енгізу.

4.4. Нұрсұлтан Назарбаев Қорының жыл сайынғы республикалық студенттік шәкіртақы байқауына Филология факультетінен 3, Экономика, басқару және құқық факультетінен 3, жалпы – 6 студент ұсынылсын.

4.5. Төмендегі университет ережелері Сенат мәжілісіне бекітуге ұсынылсын:

4.5.1. «Университетке шетелдік ғалымдар мен профессорларды шақырту туралы ережесі».

4.5.2. «Университет қызметкерлеріне профессор-зерттеуші, қауымдастырылған профессор (доцент)-зерттеуші мәртебелерін беру ережесі»

4.5.3. «Ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу ережесі».

4.6. Монографияларды Сенат мәжілісіне ұсыну бойынша келесі шешімдер қабылдансын:

4.6.1. «Экономика, қаржы және есеп» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., э.ғ.к. А.Сапарованың «Тікелей шетелдік инвестициялардың Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштеріне әсері» атты монографиясы Сенат мәжілісіне ұсынылсын.

4.6.2. Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультеті «Жалпы дәрігерлік практика №2» кафедрасының м.ғ.д., доценті А.А.Абдувалиевтің «Ибн Синоның буын аурулары туралы ғылыми мұрасының маңыздылығы» монографиясының ҒК мүшелері тарапынан өрескел кемшіліктері анықталғандықтан Ғылым комитетіне қайта ұсынылмасын. Сонымен қатар ҒК мәжілісіне ұсынылған монографияға салғырт қарағаны үшін Жоғары медициналық білімнен кейінгі білім беру факультетінің деканы С.Түктібаева мен рецензенттеріне ескерту берілсін.

4.6.3. «Қоғамдық ғылымдар» кафедрасының аға оқытушысы, PhD М.Исаевтың «Training future history teachers for teaching values» (Болашақ тарих мұғалімдерін құндылықтарды оқытуға даярлау) атты монографиясы ҒК мүшелері тарапынан берілген ұсыныстар және ескертулерімен жұмыс жүргізіп, келесі ҒК мәжілісіне қайта ұсынылсын.

Ғылым комитетінің төрағасы:

А.Ошибаева

Мәжіліс хатшысы:

Ж.Ахметова